

Ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі арқылы "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 4 қарашадағы № 511 және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 3 желтоқсанда № 645/НҚ бірлескен бұйрығы

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 196 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20626 болып тіркелген) бекітілген "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары) белгіленген тәртіпке сәйкес аккредиттеу туралы куәлікті беруге өтініштерді қағаз нұсқасына балама ретінде электрондық нысанда беру және қарau мүмкіндігімен ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі арқылы "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі пилоттық жоба (бұдан әрі – Пилоттық жоба) іске қосылсын.

2. Қоса беріліп отырған ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі арқылы "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру алгоритмі бекітілсін.

3. Пилоттық жобаның қолданылу мерзімі осы бірлескен бұйрық күшіне енген күннен бастап 2025 жылғы 1 шілдеге дейін айқындалсын.

4. "Astana Hub" IT-стартаптар халықаралық технопаркі" корпоративтік қоры:

1) "Smart Bridge" платформасында өтінім беру арқылы дербес деректерге қол жеткізууді бақылаудың мемлекеттік сервисіне (бұдан әрі - ДҚБ сервисі) қосылуды;

2) Пилоттық жоба шенберінде қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес ДҚБ сервисі арқылы дербес деректер субъектісінің немесе оның занды өкілінің келісімін алушы қамтамасыз етсін.

5. "Astana Hub" IT-стартаптардың халықаралық технопаркі" корпоративтік қоры Пилоттық жоба кезеңі аяқталғаннан кейін және "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабы 2-тармағының 1) және 5-1) тармақшаларына, 49-бабы

2-тармағының 4) және 6) тармақшаларына, 54-бабы 3-тармағының 3-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндеттін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген) бекітілген "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларының 4 және 8-тармақтарына сәйкес өзінің ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға енгізгенге дейін:

1) ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сынаудың оң нәтижелері бар хаттамалар;

2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес өзінің ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығының жұмыс істеуін немесе үшінші тұлғалардан ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығының қызметтін сатып алуды қамтамасыз ету, сондай-ақ Орталықтың ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

3) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыншай талаптарға сәйкестігі жөнінде шаралар қабылдау болған кезде интеграцияны қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурстарында орналастыруды;

2) осы бірлескен бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберуді қамтамасыз етсін.

7. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрлеріне жүктелсін.

8. Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі

_____ С. Нұрбек

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

_____ Ж. Мәдиев

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім

министрлігінің
2024 жылғы 4 қарашадағы
№ 511
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2024 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 645/НҚ
бұйрығымен бекітілген

Ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі" арқылы "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру алгоритмі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесі" (astanahub.com) ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) көрсету жөніндегі пилоттық жобаны іске асырудың осы алгоритмі Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің пилоттық жобаны жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Алгоритмде мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесі" (astanahub.com) (бұдан әрі – ҮИЖ БТ) – бірыңғай портал арқылы инновациялық қызмет пен инновацияларды қолдау шараларына қол жеткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

2) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

3) "Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЖББП) – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қызметінің бағыты бойынша ақпаратты жинауды, сақтауды, өндеуді және ұсынуды қамтамасыз етуге арналған Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ақпараттық жүйесі;

4) "Жеке тұлғалар "Мемлекеттік деректер базасы" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЖТ МДБ) – Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары туралы ақпаратты тіркеу мен сақтаудың азаматтық жай-күйін сәйкестендіру және айқындау үшін жеткілікті бірыңғай жүйесі;

5) "Занды тұлғалар "Мемлекеттік деректер базасы" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЗТ МДБ) – занды жай-күйін сәйкестендіру және айқындау үшін жеткілікті Қазақстан

Республикасының заңды тұлғалары туралы ақпаратты тіркеу мен сақтаудың бірыңгай жүйесі;

6) автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі – АЖО) – көрсетілетін қызметті берушінің қызметін автоматтандыруға арналған жүйе;

7) дербес деректерге қол жеткізуіді бақылаудың мемлекеттік сервисі (бұдан әрі – ДҚБ сервисі) – мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттандыру объектілерінде қамтылған дербес деректерге қол жеткізу кезінде меншік иелерінің және (немесе) операторлардың, үшінші тұлғалардың дербес деректер субъектісімен және уәкілетті органмен ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін қызмет, оның ішінде дербес деректер субъектісінің дербес деректерді жинауға, өндеге немесе оларды үшінші тұлғаларға беруге келісімі;

8) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті атынан ғылым саласындағы уәкілетті орган;

9) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

10) сервис иелері – Smart Bridge платформасында сервистері арқылы деректер мен мәліметтерді басқа жүйелерге беретін уәкілетті органдар.

Осы Алгоритмде қолданылатын барлық басқа терминдер "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын мағынада пайдаланылады.

2-тарау. Жеке тұлғалар үшін мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ҰИЖ БТ-да осы Алгоритмге 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша ДҚБ сервисі арқылы алынған дербес деректерді жинауға, өндеге келісе отырып, "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңгай талаптарды ескере отырып өтініш береді.

Көрсетілетін қызметті алушы ҰИЖ БТ-да ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеуге өтініш жасаған кезде, жеке тұлғаның дербес деректері ЖТ МДБ-мен интеграциялау арқылы автоматты түрде қалыптастырылады.

4. Көрсетілетін қызметті алушыны верификациялау қорытындысы бойынша ЖББП-дан жоғары және жоғары лқу орнынан кейінгі білімі және ғылыми дәрежесі туралы диплом бойынша мәліметтер ҰИЖ БТ алынады.

5. ЖББП-да мәліметтер болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы деректерді қолмен толтырады, мәліметтерді растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері өтінішке қоса беріледі.

6. Қажетті бағытты таңдағаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы талап етілетін құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса береді:

техникалық және жаратылыстану ғылымдары үшін:

1 халықаралық патент немесе Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда немесе Scopus деректер базасында ғылыми салалардың ең болмағанда біреуі бойынша CiteScore жөнінде кемінде 35 (отыз бес) процентиль көрсеткіші бар басылымдарда 1 (бір) мақала;

әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар үшін:

Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар немесе Web of Science Core Collection деректер базасында (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімінде) 1 (бір) мақала;

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналда 3 (үш) мақала.

7. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы арқылы өтінішке қол қойылғаннан кейін, өтініш көрсетілетін қызметті берушіге АЖО-да қарау үшін жіберіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті одан әрі қарауы Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеуге арналған өтінішті қараудың оң нәтижесі болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші ҰИЖ БТ-да ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу туралы қуәлікті қалыптастырады және көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦК арқылы электрондық құжатқа қол қоюды ескере отырып, электрондық құжатты көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

10. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеуге арналған өтінішті қараудың теріс нәтижесі болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші ҰИЖ БТ арқылы мемлекеттік қызметтің көрсету қағидаларында белгіленген бас тарту негіздерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦК-сы арқылы қол қойылған "Дәлелді бас тартуды" жібереді.

3-тарау. Занды тұлғалар үшін мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ҰИЖ БТ-да осы Алгоритмге 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша ДҚБ сервисі арқылы алғынған дербес деректерді жинауга, өндеге келісе отырып, "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірынғай талаптарды ескере отырып өтініш береді.

Көрсетілетін қызметті алушы ҰИЖ БТ-да ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеуге өтініш жасаған кезде заңды тұлғаның деректері ЗТ МДБ-мен интеграциялау арқылы автоматты түрде қалыптастырылады.

12. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметпен айналысқан қызметкерлер туралы деректер енгізілгеннен кейін ҰИЖ БТ әрбір қызметкерге ЖББП-дан академиялық немесе ғылыми дәрежесі туралы диплом бойынша мәліметтерді сұратады.

13. ЖББП-да мәліметтер болмаған жағдайда деректерді көрсетілетін қызметті алушы қолмен толтырады, мәліметтерді растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері өтінішке қоса беріледі.

14. Еңбек шартының немесе аккредиттегін ұйым негізгі жұмыс орны болып көрсетілген өзге де растайтын құжаттардың және қызметкерлерді жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың электрондық көшірмелері өтінішке қоса беріледі.

15. Көрсетілетін қызметті алушы соңғы 5 (бес) жылдағы мәліметтерді растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса береді:

1) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін тиісті жабдықталған халықаралық және (немесе) республикалық деңгейдегі зертханалардың болуы туралы мәліметтер (зертханалардың болуын қажет етпейтін гуманitarлық, әлеуметтік және экономикалық ғылымдарды қоспағанда);

2) соңғы 5 (бес) жылдағы біліктілікті арттыру туралы мәліметтер;

3) соңғы 5 (бес) жылдағы ФЗЖ қаржыландыру және орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды орындау туралы мәліметтер;

4) соңғы 5 (бес) зияткерлік меншік объектілері туралы мәліметтер;

5) соңғы 5 (бес) жарияланған ғылыми жұмыстар туралы мәліметтер.

Егер субъекті қызметінің кезеңі 5 жылдан аспаса, онда растайтын құжаттар көшірмесі оның қызметінің барлық кезеңіне ұсынылады.

16. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы арқылы өтінішке қол қойылғаннан кейін өтініш көрсетілетін қызметті берушіге АЖО-да қарау үшін жіберіледі.

17. Көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті одан әрі қарауы Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеуге арналған өтінішті қараудың оң нәтижесі болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші

ҰИЖ БТ-да ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу туралы куәлікті қалыптастырады және көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы арқылы электрондық құжатқа қол қоюды ескере отырып, электрондық құжатты көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

19. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеуге арналған өтінішті қараудың теріс нәтижесі болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші ҰИЖ БТ арқылы Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында белгіленген бас тарту негіздерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы арқылы қол қойылған "Дәлелді бас тартуды" жібереді.

"Ұлттық инновациялық
жүйесінің "Бірыңғай терезесі"
акпараттық жүйесі арқылы
"Ғылыми және (немесе)
ғылыми-техникалық қызмет
субъектілерін аккредиттеу"
мемлекеттік қызметтің көрсету
жөніндегі pilotтық жобаны
іске асыру алгоритміне
1-қосымша

Нысан

кімге _____

кімнен _____

Тегі, аты, әкесінің аты

(телефон/электроныдық мекенжайы)

Отініш (жеке тұлғалар үшін)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) ғылыми және (немесе)

ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттеу өткізуі үшін.

№	Күжаттың атауы	Бар/жоғы туралы белгі
1	2	3
1	Мыналардың: жоғары білім туралы дипломның; магистр дипломының және (немесе) ғылыми дәрежені (ғылым кандидаты, ғылым докторы), философия докторының (PhD) дәрежесін, бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы дипломның және (немесе) қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағын беру туралы аттестаттың (дипломның) көшірмелері. (Шетелдік білім беру үйымдары берген білімі туралы құжаттар	

	Қазақстан Республикасының аумағында білім саласындағы заннамаға сәйкес танылады).
2	Соңғы 5 жылда басып шығарылған 1 монография және (немесе) жарияланған ғылыми мақалалар: техникалық және жаратылыстанию ғылымдары үшін 1 халықаралық патент немесе Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Джоурнал Ситэйшн Рэпорты) деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда, немесе Scopus (Scopus) деректер базасында ғылыми салалардың ең болмағанда біреуі бойынша CiteScore (СайтСкор) жөнінде кемінде 35 (отыз бес) процентиль көрсеткіші бар басылымдарда 1 (бір) макала, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар үшін Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Джоурнал Ситэйшн Рэпорты) деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар немесе Web of Science Core Collection (Уәп оғ Сайнс Кор Калэкшн) деректер базасында (Arts and Humanities Citation Index(Артс энд Хюманитис Ситэйшн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайнс Ситэйшн Индекс Экспандэд), Social Sciences Citation Index бөлімінде) (Сошл Сайнс Ситиэйшн Индекс) 1 (бір) макала, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім беру министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналда 3 (үш) макала.

Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, сондай-ақ оларды ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі (astanahub.com) арқылы "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі pilotтық жоба шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің

жанындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бизнес-сәйкестендіру нөмірі 230440024058) беруге келісім беремін.

Дербес деректерді трансшекаралық берудің жоқтығы, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратудың жоқтығы туралы хабарлаймын.

Жиналатын деректердің тізбесі: Тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, банктік деректемелер, электрондық пошта, телефон нөмірі, білімі, академиялық немесе ғылыми дәрежесі туралы мәліметтер.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер және жалған құжаттарды ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

20 ____ жыл "_____"

(Колы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Ұлттық инновациялық
жүйесінің "Бірынғай терезесі"
ақпараттық жүйесі арқылы
"Ғылыми және (немесе)
ғылыми-техникалық
қызмет субъектілерін
аккредиттеу" мемлекеттік
қызметтің көрсету жөніндегі
пилоттық жобаны іске асыру

алгоритміне

2-қосымша

Нысан

кімге _____

кімнен _____

(субъектінің толық атаяу)

(телефон/электрондық мекенжайы)

Өтініш (занды тұлғалар үшін)

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде _____
аккредиттеуді өткізууді сұраймын.

№	Құжаттың атаяуы	Бар-жоғы туралы белгі
1	2	3
1	Ұйым жарғысының көшірмесі	
2	Осы қағидаларға 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-косымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметті алушы туралы мәлімет	
3	Осы қағидаларға 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-косымшаларда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері	

Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, менің дербес деректерімді жинауға, өндеге, сондай-ақ оларды ұлттық инновациялық жүйенің "Бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі (astanahub.com) арқылы "Фылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі pilotтық жоба шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бизнес-сәйкестендіру нөмірі 230440024058) беруге келісім беремін.

Дербес деректерді трансшекаралық берудің жоқтығы, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратудың жоқтығы туралы хабарлаймын.

Жиналатын деректердің тізбесі: Тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, банктік деректемелер, электрондық пошта, телефон нөмірі, білімі, академиялық немесе ғылыми дәрежесі туралы мәліметтер.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер және жалған құжаттарды ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Басшы_____

қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ұлттық инновациялық
жүйесінің "Бірыңғай терезесі"
акпараттық жүйесі арқылы
"Фылыми және (немесе)
ғылыми-техникалық
қызмет субъектілерін
аккредиттеу" мемлекеттік
қызметін көрсету жөніндегі
пилоттық жобаны іске асыру
алгоритміне
3-қосымша

Ұйым туралы мәліметтер

№	Алғаш мемлекеттік тіркелген күні (құрылған жылы)	Ұйымның қызмет түрі	Меншік нысаны: мемлекеттік/ жеке	Фылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің аккредиттеуінің болуы		Занды мекенжайы, телефоны, электрондық поштасы, интернет-ресурсы (бар болғанда)
				Бірінші рет	Қайта (күні, күніліктің сериялық нөмірі)	
1	2	3	4	5	6	7

Мыналар:

- ұйым жарғысының көшірмесі;
- аккредиттеуге қайта ұсынылған жағдайда бұрынғы аккредиттеу туралы күеліктің көшірмесі ұсынылады.

Басшы _____

қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ұлттық инновациялық
жүйесінің "Бірыңгай терезесі"
ақпараттық жүйесі арқылы
"Ғылыми және (немесе)
ғылыми-техникалық
қызмет субъектілерін
аккредиттеу" мемлекеттік
қызметтің көрсету жөніндегі
пилоттық жобаны іске асыру
алгоритміне
4-косымша

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтепен айналысқан қызметкерлер, ғылыми дәрежелері бар ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор туралы мәліметтер

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)	"Магистр" академиялық дәрежесі мамандығы, берілген жылы, туралы мәлімет	"Философия докторының (PhD)" немесе "Бейіні бойынша доктор", мамандығы, берілген жылы) ғылыми дәрежелері бойынша мәлімет	"Ғылым кандидаты" немесе "Ғылым докторы" (мамандығы, берілген жылы) ғылыми дәрежелері бойынша мәлімет	" Кауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "Профессор", (мамандығы, берілген жылы) ғылими дәрежелері бойынша мәлімет) ғылыми атагы туралы мәлімет	6
1	2	3	4	5		
Барлығы:						

Мыналар:

- дипломдар көшірмелері;
- еңбек шарты және (немесе) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау туралы бүйрек ұсынылады.

Ескертпе:

- аккредиттеуге штатында кемінде 5 ғылыми қызметкери бар, осы ұйымда 6 айдан астам жұмыс істейтін ұйымдар береді;
- Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтепен айналысқан қызметкерлер бойынша мәліметтер ұйыммен айқындалады, сондай-ақ, ғылыми қызметтепен айналысқан бұрын жұмыс жасаған қызметкерлер туралы ақпарат, кесте түрінде Т.А.Ә., лауазымы және ғылыми дәрежесі/атағы.

Басшы _____

қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ұлттық инновациялық
жүйесінің "Бірыңгай терезесі"
ақпараттық жүйесі арқылы
"Ғылыми және (немесе)
ғылыми-техникалық
қызмет субъектілерін
аккредиттеу" мемлекеттік
қызметін көрсету жөніндегі
пилоттық жобаны іске асыру
алгоритміне
5-қосымша

**Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін тиісті жабдықталған халықаралық және (немесе)
) республикалық деңгейдегі зертханалардың болуы туралы мәліметтер (зертханалардың
булуын қажет етпейтін гуманитарлық, әлеуметтік және экономикалық ғылымдардан басқа)**

№	Жалпы және пайдалы аумағы көрсетілген ғимараттың нақты мекенжайы	Атауы мен аумағы көрсетілген зерттеу жұмыстарына арналған зертхананың болуы	Сертификатталған немесе аттестатталған (аккредиттелген) зертхананың болуы:	
			- халықаралық деңгейде	- республикалық деңгейде
1	2	3	4	5
Барлығы:				

Мыналар:

- Сертификатталған немесе аттестатталған (аккредиттелген) зертхана күәлігінің көшірмесі және (немесе) зертхана көрсетілген ұйымның құрылымы;
- зертхана паспорты;
- егер ұйым зерттеу жұмыстарына зертхана жалға алса, жалға алу шарты;
- жүзеге асыратын ғылыми қызмет түріне зертхана қажет болмаған жағдайда, түсіндірме (еркін нысанда) ұсынылады.

Ескертпе: зертханалардың болуы туралы мәліметтер толтырылғанға дейін аккредиттетін ұйым "E-lab" модуліндегі зертханалар мен жабдықтар туралы деректерді ҰИЖ БТ ақпараттық жүйесінде енгізеді.

Басшы _____

қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ұлттық инновациялық
жүйесінің "Бірыңгай терезесі"
ақпараттық жүйесі арқылы
"Ғылыми және (немесе)
ғылыми-техникалық
қызмет субъектілерін
аккредиттеу" мемлекеттік
қызметін көрсету жөніндегі
пилоттық жобаны іске асыру
алгоритміне
6-қосымша

Соңғы 5 (бес) жылдағы біліктілікті арттыру туралы мәліметтер

№	Тегі, аты, әкесінің-аты бар болғанда)	(Тақырыптың атауы	Окуды өту мерзімі және орны	Халықаралық немесе республикалық деңгейде өткен окудың (курстың) атауы	
				- халықаралық деңгейде	- республикалық деңгейде
1	2	3	4	5	6
Итого:					

Мыналар:

- біліктілікті арттыру туралы сертификат көшірмесі және (немесе) куәлік Басшы

қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Үлттық инновациялық жүйесінің "Бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі арқылы "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру алгоритміне
7-қосымша

Соңғы 5 (бес) жылдағы F3Ж қаржыландыру және орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды орындау туралы мәліметтер

№	Гранттық қаржыландыру (ГК)	Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды (БНҚ)	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникоалық қызмет нәтижелерін коммерциялаңдыруға грант	Өзге де көздердегі гранттар (коммерциялаңдыру жобалары халықаралық ұйымдар мен корлардың және т.б. қаржыландыруды)	Меншікті каражат	Өзге де көздер (бизнес, үкіметтік емес қорлар мен ұйымдар қаржыландыра тын бағдарламала р мен жобалар)	
						1	2
						3	4
						5	6
						7	

Мыналар:

- орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар туралы шарт көшірмелері;

- ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп көшірмелері және (немесе) атқарылған жұмыстар актісі ұсынылады.

Басшы

қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ұлттық инновациялық
жүйесінің "Бірыңғай терезесі"
акпараттық жүйесі арқылы
"Ғылыми және (немесе)
ғылыми-техникалық
қызмет субъектілерін
аккредиттеу" мемлекеттік
қызметін көрсету жөніндегі
пилоттық жобаны іске асыру
алгоритміне
8-қосымша

Соңғы 5 (бес) жылдағы зияткерлік меншік объектілері туралы мәліметтер

№	Корғау құжаттары (өнертабысқа патенттер, өнеркәсіптік ұлгілер, пайдалы модельдер, селекциялық жетістіктер)	Авторлық құқық	Халықаралық патент (еуразиялық патент), лицензиялық келісімдер
1	2	3	4

Мыналар:

- өнертабыс, өнеркәсіптік ұлгілер, пайдалы модельдер, селекциялық жетістіктер патенттерінің көшірмелері;
- авторлық құқық куәлігінің көшірмесі;
- халықаралық патент (еуразиялық патент), лицензиялық келісімдер көшірмелері ұсынылады.

Басшы _____

қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ұлттық инновациялық
жүйесінің "Бірыңғай терезесі"
акпараттық жүйесі арқылы
"Ғылыми және (немесе)
ғылыми-техникалық
қызмет субъектілерін
аккредиттеу" мемлекеттік
қызметін көрсету жөніндегі
пилоттық жобаны іске асыру
алгоритміне
9-қосымша

Соңғы 5 (бес) жылдағы жарияланған ғылыми жұмыстар туралы мәліметтер

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Джоурнал				
--	--	--	--	--

	<p>Ситэйшн Рэпорты деректері бойынша 1,2 және 3 квартильге кіретін халықаралық рецензияланаты нғылыми журналда, немесе Scopus (Скопус) деректер базасында ең болмағанда бірі ғылыми салалардағы CiteScore (СайтСкор) бойынша кемінде 35 процентиль көрсеткіші бар басылымдарда мақала, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар үшін Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Уәп оғ Сайнс Кор Калэкшн) деректер базасында (Arts and Humanities Citation Index (Артс әнд Хюманитис Ситэйшн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайнс Ситэйшн Индекс Экспандэд), Social Sciences Citation Index(Сошл Сайнс</p>	<p>ФДРИ индекстелетін ғылыми журналдарда және басқа да халықаралық базаларда</p>	<p>ҚР ФЖБМ ФЖБСБК ұсынған ғылыми басылымдарда</p>	<p>Конференциялар дүни, форумдардың, съездердің, симпозиум, конгресстерге материалдарында</p>	<p>Баспа қызметі (монографиялар, оқулықтар, бірлік құралдар,</p>
--	---	--	---	---	--

Ситиэйшн Индекс) бөлімінде) мақала					әдістемелік құжаттар.)
1	2	3	4	5	6

Мыналар:

- жарияланған ғылыми мақалалар көшірмесі;
- конференциялар, форумдар, съездер, симпозиумдар, конгресстер бойынша жарияланған материалдар көшірмелері;
- монографиялар, оқулықтар, қуралдар, әдістемелік құжаттар көшірмелері үсінілады.

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ФДРИ - Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі

ҚР ФЖБМ ФЖБССКЕК – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті

Басшы _____
қолы Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК